

Әдістемелік кеңес №3






22.01.2023 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Откізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Қаңтар №3				
Әдістемелік кеңес тақырыбы: Көптілділік саясаты-оқыту процесінде Жүргізілу түрі: Презентация				
1.	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			А.Жанибекова
2.	Ағылшын тілі пәнінде ТРИЗ технологиясын пайдалану			А.Жанибекова
3.	Орыс тілінде қолданылатын тіл дамыту жаттығулары			А.Жанибекова
4.	Ересек, ортаңғы топтарда орыс, ағылшын тілі бойынша е «Ұлттық қазына», «Ағылшын тілін үйренейік!» иативтік компонент бойынша мониторинг нәтижесі			А.Жанибекова
5.	Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау тысының деңгейі			А.Жанибекова
6.	Ағымдағы мәселелер.			А.Жанибекова

№3 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Көптілділік саясаты-оқыту процесінде

Жүргізілу түрі: Презентация

№	Аты жөні	Қызметі	Көлі
1	А.Жанибекова	Менгеруші	
2	А.Жанибекова	әдіскер	
3	А.Миралиева	Тәрбиеші	
4	А.Карчибаева	Тәрбиеші	
5	Т.Турабаева	Тәрбиеші	
6	Ж.Тургунбаева	Тәрбиеші	

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3

Күні: 22 қаңтар 2023 жыл Қатысқаны:5
Қатыспағаны:-0

Тақырыбы: Көптілділік саясаты-оқыту процесінде

Жүргізу түрі: Презентация

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Күн тәртібінде:

- | | | |
|---|--|--------------|
| 1 | №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | А.Жанибекова |
| 2 | Ағылшын тілі пәнінде ТРИЗ технологиясын пайдалану | А.Жанибекова |
| 3 | Орыс тілінде қолданылатын тіл дамыту жаттығулары | А.Жанибекова |
| 4 | Ересек, ортаңғы топтарда орыс, ағылшын тілі бойынша және «Ұлттық қазына», «Ағылшын тілін үйренейік!» вариативтік компонент бойынша мониторинг нәтижесі | А.Жанибекова |
| 5 | Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі | А.Жанибекова |
| 6 | Ағымдағы мәселелер. | А.Жанибекова |

1.Тындалды: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйлемді: А.Жанибекова инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Бұл тәрбиеленушілердің тапсырманы толық менгеруіне көмектеседі,-деді.

Шешім: Отken әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанарабы деп танылсын.

2.Тындалды: Ағылшын тілі пәнінде ТРИЗ технологиясын пайдалану

Сөйлемді: А.Жанибекова қазіргі өмірдің өзінен туындалған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі үйымдардан басталғаны орынды.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады.

Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушінің дарынды, жоғары деңгейде даму шеберлігі дамыған, баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыруды негізгі

мақсатым деп санаймын. Балаларды мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеу кезінде өз жұмыс барысымда менің байқағаным жұмыс жасайтын балалардың бірен-сараңы екені, көп балалар шетте қалады, өз ойларын айтуға жасқанады. Шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттері дамымағын, көрініп тұрған нәрселерді байқамайды. Осы мәселені шешу барысында ТРИЗ технологиясын қолдануды жөн көрдім. Осы технология негізінде баланың ойлау, қиялдау, шығармашылық тұрғыдан көзқарасы артады.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушіге ТРИЗ - бұл ұжымдық ойындар, сабактар және қызықты әдіс-тәсілдер жүйесі. Мен ТРИЗ технологиясының әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, сабактар циклын құрастыруды, шығармашылық есептер, дидактикалық, көрнекі құралдар даярлады, өйткені даму орталығындағы өзгерістер негізінен ТРИЗ технологиясына келіп тіреледі,-деді.

Сөйлемдер:

А.Миралиева: балаларға ағылшын тілінде тақпақтарды қалай жаттатасыз? Аптасына бір сағат аздық етпей ме?

А.Карчибаева: ағылшын тілі ұйымдастырылған оқу қызметіннемлекеттік стандарт талабына сай аптасына бір рет өтемін. Бірақ вариативтік компонентте ағылшын тілі аптасына екі рет өтіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінде үлгермен қейбір тапсырмаларды, тақпақтарды, әңгімелерді күннің екінші жартысында вариативтік компонент барысында қайталап айтамыз және осы ТРИЗ технологиясының пайдасы өте көп.

Т.Турааева : «Қазына» ересек тобын биыл мектепке шығарып саламыз. Мектепте ағылшын тілі 1 сыныптан бастап өтіледі. Ертегі мазмұнын толық түсіне алмаған бала сіздің ойыңызша мектепке дайын ба?

Ж.Тургинаева: ия, балалар ертегіні мазмұнымен айтуға қиналады. Жылдың соңына дейін үлгереді деп ойлаймын. Олармен қосымша жұмыс жүргіземін.

Шешім: ТРИЗ технологиясы барлық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қолданысқа енгізілсін.

3.Тыңдалды: Орыс тілінде қолданылатын тіл дамыту жаттығулары

Сөйлемді: А.Жанибекова «Кез келген тілді оқытуда әдіс – тәсілдерді пайдаланудың маңызы зор. Бұғынгі күні орыс тілін оқыту барысында сол әдіс – тәсілдерді одан әрі жетілдіру міндепті тұр. Ол үшін тілге үйретіп, тілді дамытатын әдістердің тиімділігін арттыру керек. Сол тиімділікті арттыру шарттардың бірі-сабакта әр түрлі әдістер мен құралдарды пайдалану. Бұл үшін әдістеме шеберлік қажет.

Орыс тілін балаларға игертуде коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрғандықтан, тіл материалдары болсын, оны игеруге негізделген жаттығулар болсын, сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары болсын түгелдей орысша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталуы қажет. Сөйлей білуге машықтандыратын ұтымды жолдарының бірі – жаттығу жұмысы. Жаттығулардың тиімділігі – тіл үйренушілердің сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға пәрменді ықпал жасайды. Тілді жеке түрінде емес, сөйлем түрінде үйреткен тиімді. Тіл үйренушілердің ана тілін таяныш ете отырып, грамматикалық тақырыптарды менгертү керек. Грамматикалық тақырыптар бір жүйелік ретпен берілуі керек, - деді.

Сөйлегендер:

А.Миралиева: балалармен қандай жеке жұмыс жүргізіп отырсыз?

А.Карчибаева: Мен балалармен «Ара болып ызындаңайық», «Жылан қалай дыбыстыңды?», «Желдің шуылы қандай?» т.б. сияқты ойындарды ойнатамын.

Шешім: тәрбиеленушілермен қосымша жұмыс түрлери жандандырылсын.

4. Тыңдалды: «Ұлттық қазына», «Ағылшын тілін үйренейік!» вариативтік компонент бойынша мониторинг нәтижесі.

Сөйлемді: **Т.Турабаева** арнайы жабдықталған мұражайда балалар ертегі кейіпкерлерімен танысып, рөлдерге бөліп ойнайды. Қазақ халқының ертеден келе жатқан бұйымдарымен танысып, қолдарымен ұстап көреді. Мақал-мәтел, жаңылтпаштарды еркін айта алады. Мұнда балалар ұлттық салт-дәстүрімізben танысып, әдеби мұраларымызды жаттап өседі. Өзге ұлт балалары мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, суретке қарап қазақ халқының ертегі кейіпкерлерін айтып, қай ертегі кейіпкері екенін біледі. Тәрбиеленушілердің бойында отансуýгіш қасиетін қалыптастыру, өз жерін, елін суюге, қорғауға үйрету жұмыстары жан-жақты қаралған. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келемін, - деді.

Сөйлегендер:

А.Жанибекова балаларға ұлттық ойындарды қай уақытта үйретесіз?

Ж.Тургинбаева: балалармен музейде «тақия тастамак», «асық ату» ойындарын ойнасақ, музика залында немесе серуен кезінде көкпар, қыз куу және т.б. ойындарын ойнаймыз.

Сөйлемді: **А.Жанибекова** ересектер тобындағы балалардың ағылшын тіліне деген қызығушылықтары өте жақсы. Күннің екінші жартысында балалармен жоспарға сай ойын түрінде ағылшын тілін үйренеміз. Кіші тобы балаларының тілі әлі толық шықпағандықтан кейбір балаларда сөздерді айтуда қыыншылықтар кездесуде, ал, ортаңғы топ пен ересек тобының балалары жақсы менгереді. Берілген тапсырманы қызығушылықпен орындаиды, - деді.

Шешім: Вариативтік компонент жұмыстары жандандырылсын.

5.Тыңдалды: Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі

Сөйлемді: **А.Жанибекова** 2022-2023 оқу жылында аттестаттауға өтініш берген педагогтар өздерінің жоспары бойынша мерекелік шаралары мен ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін уақытылы өтіп, аудандық және облыстық, қашықтықтан өткен республикалық сайыстарға қатысты. Педагогтардан сауалнамалар алынып, аттестаттау ережесімен таныстырылды. Келесі кезекте аттестаттау папкасын сараптау комиссиясына ұсыну қажет,- деді.

Шешім: аттестатталуши педагогтардың құжаттарын жинақтап, сараптау комиссиясына ұсынуға дайындау.

6.Ағымдағы мәселелер.

Сөйлемді: **А.Жанибекова** алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қантар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қантар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парагын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету,

балалармен өтетін спорттық сайысина тыңғылықты дайындалуарын, балабақша мен мектеп сабактастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс үйымдастыру туралы айттып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Әдістемелік кеңес №4

01 наурыз 2023жыл




№	Қаралатын мәселелер	Откізу ормасы	Уақыты	Жауаптылар
наурыз №4				
Әдістемелік кеңес тақырыбы: Құзіретті педагог-жаңа формация				
педагогы Жүргізу түрі: пікірталас				
1.	№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			А.Жанибекова
2.	Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан			А.Жанибекова
3.	Тәрбиленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің			А.Жанибекова
4.	Педагогтер портфолиосын ресімдеу			А.Жанибекова
5.	Өз бетімен білім алу-педагогтардың көсіби біліктілігін			А.Жанибекова
6.	Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен			А.Жанибекова
	ділдарының дамуына мониторинг жүргізудің			
	темелігімен таныстыру			
7.	Ағымдағы мәселелер.			А.Жанибекова

№4 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Құзіретті педагог-жаңа формация педагогы

Жүргізу түрі: пікірталас

Күні: 01 наурыз 2023 жыл

№	Аты жөні	Қызметі	Колы .
1	А.Жанибекова	Менгеруші	
2	А.Жанибекова	әдіскер	
3	А.Миралиева	Тәрбиеші	
4	А.Карчибаева	Тәрбиеші	
5	Т.Турабаева	Тәрбиеші	
6	Ж.Тургунбаева	Тәрбиеші	

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №4

Күні: 01 наурыз 2023 жыл

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: Құзіретті педагог-жаңа формация педагогы

Жүргізу түрі: пікірталас

Әдістемелік кеңес төрайымы:

А.Жанибекова

Хатшы:

А.Карчиаева

Күн тәртібінде:

- | | | |
|---|---|--------------|
| 1 | №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | А.Жанибекова |
| 2 | Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға | А.Жанибекова |
| 3 | Тәрбиленушілер жетістігі-ізденимпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі | А.Жанибекова |
| 4 | Педагогтер портфолиосын ресімдеу | А.Жанибекова |
| 5 | Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы | А.Жанибекова |
| 6 | Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру | А.Жанибекова |
| 7 | Ағымдағы мәселелер. | А.Жанибекова |

1. Тындалды: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйлемді: А.Жанибекова мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың создік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде. «Балдырған» ересектер тобында ағылшын тілінде ертеғіні айтуда, сахналай жұмыстары қолға алынып, вариативтік компонент барысында қайталауда. Мамыр айында өтетін балабақшамен қоштасу кешінде балалар ертеғіні сахналап қойып беруге дайындалуда,-деді.

Шешім: Откен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2. Тындалды: Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға

Сөйледі: А.Жанибекова қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алудамыз. Білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім берудің мазмұны жаңарап, жаңаша көзқарас, басқаша қарым қатынас пайда болды. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына көңіл бөлінуде. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгеріп, жаңа формация мұғалімі болу- заман талабы. Жаңа формация педагогы деп кімді атайды?

1. Педагог үздіксіз ізденуші
2. Педагог дамушы шығармашыл тұлға
3. Педагог өз ісінің шебері
4. Педагог әділ, еңбекқор тәрбиеші
5. Маман-педагог

Бұгінгі таңда жаңа формация педагогіне қойылатын талап та жоғарылады. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация педагогы – педагогикалық құралдардың барлығын менгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Құзіреттілік латын тілінен аударғанда «компетенс» яғни, өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты менгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ойтұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жынтығы, ал «құзырлық» – адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды менгеруі. Құзырлылық белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төнірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Педагогтың кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны менгеруімен өлшеннед,- деді.

Шешім: педагогтардың үздіксіз ізденіп, өздерін жан-жақты дамытуына әдістемелік көмек көрсету.

3.Тындалды: Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі

Сөйледі: тәрбиеші А.Миралиева «Келер үрпақтың алдында зор жауапкершілік арқалап келеміз» деген Елбасымыздың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бұгінгі үрпақ бейнесімен көрінеді. Сонымен қатар, ұстаз шәкірттерін де үнемі сайстар мен байқауларға қатыстырып, жүлделі орындар алуға ұмтылу қажет. Бұл жағдайда ата-аналармен жұмысты күшету керек. Бұгінгі таңда мектепте мұғалім көп, өкінішкес орай ұстаз аз. Нәтижелі еңбегімен ұлағатты ұстаздардың қатарын толықтыратын мектебімізден осындай ұстаз

шыққандығына мектеп қауымы біздер дән ризамыз. Ұстазға тек жалықпай , ізденісін тоқтатпай ұстаздықтың ұлы жолында ұлы абыройға кенеліп, шәкірт тәрбиелей беруге зор тілек білдіреміз,-деді

Шешім: Педагогтардың түрлі сайыстарға қатысуын бақылау.

4. Тыңдалды: Педагогтер портфолиосын ресімдеу

Сөйлемді: А.Жанибекова педагог портфолиосы – педагогтардың кәсіби деңгейін көрсетуші материалдарды тіркең жинақтау және өзінің кәсіптік

қызметінің міндетін шешу қабілеті болып табылады. Педагогтың портфолиосы арнайы папкада жинақталады. Портфолиода педагогтың жетістіктері, басылымға жіберілген мақалалар, ашық ұйымдастырылған оку қызметтері мен презентациялар, өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша ұйымдастырылған оку қызметінде колданылатын әдістер, технологиялар көрсетіледі. Портфолио жинақтаудың басты міндеті – әрбір педагог өзінің кәсіби құзіретін бағалау үшін практикалық қызметтің барынша маңызды нәтижелерін көрсету, орындалған жобалар, конкурстарға қатысу, педагогикалық жүргізген зерттеулер. Портфолио педагогтың жұмыс нәтижесін талдауға, жалпылауға, жүйелеуге, өз мүмкіндіктерін объективті турде бағалауға және қыындықтардан шығу жолын табуға, жоғары нәтижелерге жету жолындағы іс-әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді, - деді.

Сөйлеген: А.Жанибекова әдістемелік бірлестік жетекшісі ретінде педагогтарға портфолио жинақтауда қандай комек көрсетілуде?

Ж.Абенова: барлық педагогтарға портфолио жинақтаудың үлгісін беріп, түсіндіріп айттым. Қазір педагогтар портфолиоларын жинақтап, дайындалап қойды.

Шешім: Педагогтардың портфолиоларын толықтырып, педагогикалық кеңеске дайындау.

5. Тыңдалды: Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы

Сөйлемді: Ж.Турғинбаева ұстаз жаратылсынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және ангарған нарселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да, алғарымпаз, ақыл иесі, ... мейлінше шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жүрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек» - деген Әл-Фараби. Мұғалім әрдайым даму үстінде сондықтан өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші болып табылады. Әсіресе мұғалімнің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс-әрекет үлкен әсерін тигізеді. Бұл іс-әрекет болжамы: білім саласында болып жатқан қазіргі кездегі өзгерістермен әрдайым танысу; оз арнестерінің әртүрлі формадағы ұйымдастырылған оку қызметін ұйымдастыру тәжірибесін оқып үйрену; жаңа білім тұжырымдамасымен, бағдарламаларымен т.б. танысу. Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагог әртүрлі курстарға қатысады, сол сияқты өз білімін арттырумен шұғылданады. Өзіндік білім жетілдірдің мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену. Өз білімін арттыру педагогтың тұрақты іс-әрекеті болғандықтан, оған кірестіндер: белгілі мәселеге байланысты

ғылыми зерттеу жұмысы; кітапханаға бару, ғылыми – әдістемелік және оқу кітаптарын оқу; педкеңеске, әртүрлі семинарларға қатысу; өз әріптерінің үйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу, үйымдастырылған оқу қызметтерін

жүйелі үйымдастыру; қазіргі білім беру технологияларының негіздерін оқып-үйрену болып табылады. Бізде барлық педагогтар өзіндік білім жетілдіру папкаларын дайындалап, өз тақырыптарына байланысты педагогикалық кеңестерде, әртүрлі сайыстарда баяндамаларымен бөлісіп келеді,-деді.

Сөйлегендер: А.Жанибекова: Ожеговтың анықтамасы бойынша өз білімін арттыру дегеніміз «Басқаның көмегінсіз, өз бетімен дайындалу арқылы білімін арттыру, кәсіби-әдістемелік білім мен біліктілігін тереңдетуге және кеңейтуге,

пәндей дайындық деңгейін көтеруге бағытталған». КР «Білім» туралы Занының 51-бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті», - делінген. Педагогтың еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жеке ғылыми мен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік білімінің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шенберінен тыс педагогтың түршілік және кәсіптік дамуы мүмкін емес. Қазіргі кезде кейбір педагогтарымыз өздерінің зейнеткерлікке жақын қалғандарын айтып көп сайыстарға қатысады деп келмейді. Сіздер қазір жұмыс істеп отырсыздар. Сондықтан жұмыстар көткөнше оз білімдерінің толықтырып, алдарыңыздағы тәрбиелеп отырған бүлдіріштерге заман талабына сай білім мен тәрбие берулерінің керек. Сондықтан үнсімі ғанаңіс үстінде болуларының қажет,-деді.

Шешім: Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша шығармашылық есеп дайындалсын.

6. Тындалды: Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу әдістемелігімен таныстыру

Сөйлемді: А.Жанибекова 2023 жылдың ақпан айында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу дің әдістемелігі шықты. Әдістемелікте кішкене өзгерістер баршылық. Мониторинг жүргізу бірінші кіші топтан басталады. Аталған топта Бастанқы бақылау үшін индикаторлар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған ерте жастағы топтың күтілетін нәтижелері болып табылады (I қосырма). Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастанқы бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері (II жартыжылдық) болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау параграфынан енгізеді. Арасынан бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайтын. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттыңда анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді деп мониторингтегі өзгерістерге тоқталып отті.


Шешім: тәрбиеленушілерден алғынатын қорытынды мониторинг мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу дің әдістемелін негізге алып жүргізілсін.

7. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: А.Жанибекова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Наурыз айында өтетін аналар мерекесі, наурыз мерекесіне байланысты құттықтаулар, көрмелер ата-аналар бүршішина уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және наурыз, сәуір айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы отілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларына және наурыз мерекесі қарсаңында өтетін «Аталар сайысына» дайындалу, ата-аналармен сөйлесіп, қатысунылардың мәліметін әдіскерге алдын ала ұсыну қажеттігін айтты. Әрбір откізген іс-шараларды басылым беттеріне беріп отыру сіздердің портфолионы толықтыруларыңызға қажет,- деді.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Жанибекова

А.Карчибаева

1	ЖІЛДАМЫЗДА	БАСЫЛЫМАСТАРДА
2	АНАЛАРДА	БАСЫЛЫМАСТАРДА
3	УАҚЫТЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
4	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
5	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
6	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
7	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
8	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
9	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА
10	ҰДЫМЫНЫҢ	БАСЫЛЫМАСТАРДА

Кітаптың 11 жартай зерттегілік
жадырылғандағы орталықтың
жазылыштырудың оңайлықтарынан

шаралар мен олардың орталықтың жағдайынан

Әдістемелік кеңес №5

11 мамыр 2023жыл


№	Қаралатын мәселелер	Откізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Мамыр №5				
Әдістемелік кеңес тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу				
Жүргізілу түрі: пікірталас				
1.	№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.		A.Жанибекова	
2.	Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы ытынды талдау		A.Жанибекова	
3.	Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде актауга ұсынатын педагог кандидатурасын қарау		A.Жанибекова	
4.	Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер		A.Жанибекова	

№5 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелев

Жургізу түрі: пікіртадас

Күні: 11 мамыр 2023жыл

№	Аты жөні	Кызметі	Колы
1	А.Жанибекова	Менгеруші	
2	А.Жанибекова	әдіскер	
3	А.Миралиева	Тәрбиеші	
4	А.Карчибаева	Тәрбиеші	
5	Т.Турабаева	Тәрбиеші	
6	Ж.Тургунбаева	Тәрбиеші	

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №5

Күні: 11 мамыр 2023 жыл

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу

Жүргізу түрі: пікірталас

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Күн тәртібінде:

- | | | |
|---|---|--------------|
| 1 | №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | А.Жанибекова |
| 2 | Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау | А.Жанибекова |
| 3 | Оқу жылышының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарастыру | А.Жанибекова |
| 4 | Келесі оқу жылышындағы мақсат-міндеттер | А.Жанибекова |

1. Тыңдалды: №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйлемді: А.Жанибекова педагогтар өзіндік білім жетілдіру тақырыптары

бойынша портфолиоларын дайындауда, педагогикалық кеңесте қорғап шықты.

Кейбір тәрбиешілерге толықтырулар қажеттілігі айтылды. Тәрбиешілердің әлі де өздігінен ізденіп, жаңа технологияларды менгеру деңгейі төмендігі, әр түрлі сайыстарға қатыспайтыны туралы айттылып, ескертулер берілді,-деді.

Шешім: Откен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2. Тыңдалды: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

Сөйлемді: А.Жанибекова Президентіміз К.Тоқаев «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар үрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деген

болатын. Иә, елбасымыз айтқандай жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен отбасында қаланып, сонан соң балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының ірге тасының берік қалануы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру өз қолымызда. Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу құзіреттіліктерін қалыптастыру. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылым институты отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоциалық қатынасты қалыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақша мен отбасының өзара байланысын анықтайды. Бөбекжайда қазіргі таңда 69 бұлдіршін тәрбиленіп, білім алуша.

Тәрбиленушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді. Балабақшадағы оку тәрбие жұмысы негізінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік» бағдарламасымен жұмыс істейді. Қазіргі уақытта З топ мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Бөбекжай оку-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы топтарда жүзеге асырылуда. Бес білім беру саласымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер берді. Бөбекжайда оку-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, танымдық қажеттіліктерін, тәрбиелеумен оқыту үрдісін үйімдастыру іс-әрекеті барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануларын қамтамасыз ету, өз бетімен ізденулеріне қолдау көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында практикум-кеңес, «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролі» диалог-кеңес, «Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру», «Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы» тақырыптарында семинар өтті. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды. Оку жылында педагогикалық ұжыммен «Педагогикалық

ұжымының педагогикалық ғылыми жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелерін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына қолдану», «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы», «Рухани жанғырудың жарқын жолы» және «Әдіstemелік жұмыстардың барысын қорытындылау» тақырыптарында педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогтар инновациялық технологиялармен, жаңа бағдарламалармен танысты. Өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағытташып, түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық түргыда қолдана білді. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді балалардың тілдік дамыту жұмыстарында қолданып, соның нәтижесінде суреттер бойынша әңгіме құраудың, мазмұндаудың жаңа сыйбасын әзірледі. 2022-2023 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді,- деді.

Шешім: жылдық оқу жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Тындалды: Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қараша.

Сөйлемді: А.Жанибекова 2022-2023 оқу жылында әртүрлі сайыстарға қатысып өздерін жан-жақты көрсете білген педагогтарды атап оларды, жаңа оқу жылында мұғалімдер күні қарсаңында мадақтауға ұсынды. Олар тәрбиешілер А.Миралиева, Т.Турабаева- деді.

Сөйлеген:

А.Жанибекова: Былтырғы оқу жылында балабақшада жұмыс жасайтын 9 педагогтың 3-4-і ғана әртүрлі сайыстарға белсенді қатысып, өздерін жан-жақты дамытып отырды. Қалған педагогтар келесі жылы бұл жағдай қайталанбай, өз-өздерінізді дамытып, сайыстарға қатысып отырыңыздар,-деді.

Шешім: Ұсынылған педагогтар тізімі №1 педагогикалық кеңесте қараша дайындалсын..

4. Тындалды: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Сөйлемді: А.Жанибекова келесі оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды үйрену, тамыз кеңесіне баяндама оқитын педагогтар баяндамаларына дайындық жұмыстарын қарастырып, тақырыптарын бекітсін, - деді.

Әдіstemелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Әдістемелік кеңес №1

05.09.2023жыл

№	Қаралатын мәселелер	Откізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Қыркүйек №1				
Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.				
Жүргізілу түрі: Дөңгелек устел				
1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.			А.Жанибекова
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту			А.Жанибекова
3.	Өзара сабакқа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.			А.Жанибекова
4.	«Балапан» тобындағы балалардың бейімделуі.			А.Жанибекова
5.	Ағымдағы мәселелер.			А.Жанибекова




№1 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 05 қыркүйек 2023 жыл

Администрация

№	Аты жөні	Қызметі	Қолы
1	А.Жанибекова	Менеджеруші	
2	А.Жанибекова	әдіскер	
3	А.Миралиева	Тәрбиеші	
4	А.Карчибаева	Тәрбиеші	
5	Т.Турабаева	Тәрбиеші	
6	Ж.Турғунбаева	Тәрбиеші	

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1

Уақыты: 05.09.2023 жыл

Тақырыбы: Педагикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: -0

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Күн тәртібінде:

- | | | |
|---|--|--------------|
| 1 | Педагикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: | А.Жанибекова |
| | - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; | |
| | - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; | |
| | - портфолио жинақтау; | |
| | - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту. | |
| 2 | Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту | А.Жанибекова |
| 3 | Өзара сабакқа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсүінің факторларының бірі. | А.Жанибекова |
| 4 | «Балапан» тобындағы балалардың бейімделуі. | А.Жанибекова |
| 5 | Ағымдағы мәселелер. | А.Жанибекова |

Тындалды: Педагикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;

- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;

- портфолио жинақтау;

- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

Сөйлемді: А.Жанибекова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың

ұлгілік оку бағдарламасы (бұдан әрі –Улгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Улгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру салаларының өзара байланысуы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасусын қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылады. Мысалы, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде педагог балалардың ауызекі сөйлеуін дамытады, сөздік қорды толықтырады, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретеді. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынып, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктерін, бөбекжайдың тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Улгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабактастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабактастық ұстанымын сақтау;
- Улгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және балаларды сапалы тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі тәсілдер мен ұстанымдар қарастырылады:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналардың баланың тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерінің дамуында кешенді тәсілі;
- балалардың жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекеттік тәсіл;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда денсаулықты сақтау тәсілі;
- баланың даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық тәсіл;
- оқытудың тұтастық, сабактастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген білімді бекітуді, кеңейтуді және терендетуді жалғастыратын білім беру салаларының бөлімдерінің арасындағы байланыс ретінде;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар, ресурстар кіретін интерактивті жабдықтар жатады. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашаққа алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг енгізілді. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартышылдық бойынша білім беру салаларынан күтіletін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қантарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартышылдықтың күтіletін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірге

Улгілік бағдарлама мазмұнын менгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қантарда) жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканың жүргізілу мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады.

Корытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Улгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

1-денгей – бала сол немесе басқа қымылдарды қайталай алады;

2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;

3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады.

Мониторинг нәтижелері бақылау парагында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. *Баланың жеке даму картасын* балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі үйімда болған барлық уақытында жүргізеді. Топтың Бақылау парагын тәрбиеші мектепке дейінгі үйім бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді.

Сонымен бірге, педагогтардың таңдаған өзіндік білім көтеру тақырыптарына тоқталатын болсам, өзіндік білім көтеру тақырыптарын үш жылға немесе бес жылға аласыздар. Сол тақырып аясында әр жылы балалармен, ата-аналармен кеңейтілген жұмыс жасап, өздерініздің кәсіби біліктіліктерінде жан-жақты жетілдіріп отырасыздар. Биыл бір тақырып алып, оны аяқтамай келесі жылы басқа тақырып алуға болмайды. Өйткені алған тақырыптарыңыздың нәтижесіне жетулеріңіз керек. Ол жылдан-жылға балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлғайып, соңында бір нәтижеге жетулеріңіз керек.

Портфолио-бұл педагогтың өздігінен білім көтеруде жинақталған құжаттары және оны өзінің кәсіби іс-әрекет нәтижелеріне баға беруі мен саналы түрде ұғынуында пайдалануы. Педагог портфолиосы жеке кәсіби жетістіктерін, тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы нәтижелерін, педагогтың білім беру саласына қосқан үлестерін біріктіретін жеке папкасы болып табылады. Портфолио педагогке тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сіздерде әр жылы портфолиоларыңызды толықтырып, жинақтап отыру арқылы өз-өздерінізге баға беріп отырасыздар. Сол арқылы, келешекте жасалынатын жұмыстарыңызды жоспарлап алуға мүмкіндік береді. Портфолиоларыңызды реттеп, дайындаңыз қойыңыздар.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес екінші кіші топтан бастап вариативті компонент енгізіледі. Апталық вариативтік компоненттің жалпы көлемі:

- екінші кіші топтың балалары үшін – 1сағат;
- ортаңғы топтың балалары үшін – 2 сағат;
- ересек топтың балалары үшін – 3 сағатты құрайды.

Вариативті компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, мен мүмкіндіктері, қажеттіліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі

ұйымның бағыты ескерілуі қажет. Вариативті компонент мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оку жүктемесінің шекті деңгейінен асырылмай ұйымдастырылады. Біздің бөбекжайда «Ұлттық қазына» және «Ағылшын тілін үйренеміз» вариативтік компонент бағдарламалары жасалынып, бекітілді.

«Ағылшын тілін үйренеміз» вариативтік компоненті барлық топтарда өтіледі. Ал, «Ұлттық қазына» вариативтік компоненті топтарда күннің екінші жартысында жүргізіледі. Тәрбиешілер циклограмманы толтырғанда вариативтік компонентті көрсетесіздер. Бөбекжайдың даму стратегиясы негізінде «Тәлімгер», «Тілашар», «Шынықсын денеміз», «Жас ата-аналар мектебі», «Отбасы-алтын ұя» шығармашылық жобалары дайындалған. Осы жобалар өз жұмыстарын әрі қарай жандандыру қажет.

Сонымен бірге, А.Жанибекова жас мамандар мен оларға бекітілген тәлімгерлер туралы тоқталып өтті.

Шешім:

1. Перспективалық жоспар, циклограмма 2023-2024 оку жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.

2. Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбы аясында жан-жақты жұмыстарды жүргізуі жандандырысын.

3. Шығармашылық жобалар жұмысы жүйеленсін.

2.Тындалды: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

Сөйлемді: А.Жанибекова оку жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы, өзекті мәселенің оку жылына қойылатын мақсат-міндеттеріне байланысты және әр педагогтың біліктілік дағдыларына қатысты болуы керек дегенді айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет.

Шешім: Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүйелеу.

3.Тындалды: Өзара сабакқа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

Сөйлемді: А.Жанибекова өзара сабакқа қатынасу, тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби өсуінің факторларының бірі. Өзара сабакқа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. Галамдану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде педагог алдында түрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр. Педагог информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үçілу, оны зерделей, зерттей отырып іс – тәжірибеге пайдалану, өзінің технологиясын қалыптастыру — заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес.

Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы окушы даярлау — бүгінгі өмір талабы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет»- деп атап көрсетті. Жаңа формацияның жаңа педагогын қалыптастыру үшін жаңа кәсіби мазмұн, жаңа кәсіби даярлық технологиясы қажет, әрі даярлық сапасын арттыруға бірден

— бір қызмет етуі керек. Мұғалім білімін, қабілетін, сенімін, ішкі мүмкіншіліктерін интеллектуалдық, психологиялық сапасын үнемі толықтырып, жаңартып отыру керек. Біліктілікті арттыру арқылы сіз өз біліміңіз жетілдіруді қамтамасыз ете аласыз. Әр педагог-тәрбиеші аптасына кем дегенде 3-4 ұйымдастырылған оқу қызметіне кіру керек. Әріптестеріңдің әдіс-тәсілдерін үйрену арқылы өз-өзіңіздің тәжірибелі арттырасыз, көріп үйренесіз,-деді.

Шешім: Өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу бақылауға алынын.

4. Тыңдалды: «Балапан» тобындағы балалардың бейімделуі.

Сөйлемді: А.Жанибекова қазіргі психологиялық - педагогикалық теорияда мектеп жасына дейінгі баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым - қатынастар талап етіледі Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жараламай тәрбиелеу өте маңызды.

Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет. Ерте жас шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Сондықтан, ұстаз-психолог оларды ананың тұлғасындағы жұмыс істей білу керек. Мысалы, шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін істеу. Ата-ананың сенімділігі арта түсіп балаға деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктер оятады. Сәбидің эмоционалды көңіл-күйі саласының психологиялық диагностика әдістері өте көп. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіншілігі бола бермейді. Біріншіден, тәрбиешілер тестеудің нәтижелерін дұрыс түсіндіріп беру үшін жеткілікті психологиялық дайындықта болу қажет. Екіншіден, тәрбиешіге тестің нәтижелері жиі үрейлі немесе қиянқы балалардың тобы көрсеткішінде жеке балаға деген қарым-қатынаста әрекетсіздікке әкеп соғады. 1 - ден 3 жасқа дейінгі баланың эмоционалды көңіл - күйінің дұрыс дамыту үшін оның жетістігін дәлелдеп, үнемі мадақтау маңызды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасау қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және агрессия түрлерін ашып көрсетіп олармен жасау мақсатын алға қойсақ дегім келеді-деді

5.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: А.Жанибекова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптың тәрбиелік шаралар ұйымдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін. Қарттар күніне орай сурет көресі мен «Атадан балаға мұра» тақырыбында аталар сайысы ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып, өткізілуіне жетекшісі А.Миралиева, Ж.Тургинаева және әдіскер жауапты. Денсаулық күніне орай «Әкем,

анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындалап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуарының қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы


А.Жанибекова


А.Карчибаева

Әдістемелік кеңес №2

07.11.2023жыл





№	Қаралатын мәселелер	Откізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Қараша №2				
Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары				
1.	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			А.Жанибекова
2.	Барлық топтардың тәрбиешілерімен мамандардың жұмыс дарламаларының (шығармашылық жоба, вариативка) штама нәтижелері.			А.Жанибекова
3.	Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы биеленушілерді дамыту			А.Жанибекова
4.	«Тәлімгер мектебі» жұмысының барысы			А.Жанибекова
5.	Жас мамандармен жұмыс барысы			А.Жанибекова
6.	Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие үде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру .			А.Жанибекова
7.	Ағымдағы мәселелер.			А.Жанибекова

№2 әдістемелік кенеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары

Жүргізілу түрі: конференция

Күні: 07 қараша 2023 жыл

№	Аты жөні	Қызметі	Колы
1	А.Жанибекова	Менгеруші	
2	А.Жанибекова	әдіскер	
3	А.Миралиева	Тәрбиеші	
4	А.Карчибаева	Тәрбиеші	
5	Т.Турабаева	Тәрбиеші	
6	Ж.Тургунбаева	Тәрбиеші	

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №2

07.11.2023 жыл

Катысқаны:5
Катыспағаны:-0

Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары

Жүргізу түрі: конференция

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Жанибекова

А.Карчибаева

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|--------------|
| 1 №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | A.Жанибекова |
| 2 Барлық топтардың тәрбиешілерімен мамандардың жұмыс бағдарламаларының (шығармашылық жоба, вариативка) сараптама нәтижелері. | A.Жанибекова |
| 3 Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту | A.Жанибекова |
| 4 «Тәлімгер мектебі» жұмысының барысы | A.Жанибекова |
| 5 Жас мамандармен жұмыс барысы | A.Жанибекова |
| 6 Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру . | A.Жанибекова |
| 7 Ағымдағы мәселелер. | A.Жанибекова |

Тындалды: №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйлемді: А.Жанибекова мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бүйройымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. Өзіндік білім көтеру тақырыптары алынып, жоспары жасалынды. Тілдер күніне орай мерекелік ертеңгілік жоспарға сай өтті, ағылшын, орыс тілі мұғалімдері ұйымдастырылған

ашық оку қызметтерін өткізді. Қарттар күніне орай сурет көрмесі, «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысыннан. Оған 3 ата қатысып, немерелерімен бірге өнерлерін көрсөтті. Алтын күз мерекесі де өте жоғары деңгейде өтті. Ата-аналар риза болып, ризашылықтарын білдіріп жатты.

Шешім: Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2. Тыңдалды: Барлық топтардың тәрбиешілерімен мамандардың жұмыс бағдарламаларының (шығармашылық жоба, вариативка) сараптама нәтижелері.

Сөйлемді: А.Жанибекова өскелең үрпақты адамгершілік-рухани тәрбиелу мәселесі қашанда өзекті болып келді. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген біртұтас педагогикалық процесс құру арқылы мектепке дейінгі баланың рухани-адамгершілік және патриоттық дамуына қолайлы жағдай жасау болып отыр. Дәл осы мектепке дейінгі аралық - балаға рухани-адамгершілік тәрбие беру үшін өте ыңғайлы кезең. Себебі, бұл кезеңде бала айналаны аса сезімталдықпен, үлкен әсермен қабылдайды. Сондықтан да, жалпыадамзаттық құндылықтар, рухани эталондар мен мінез-құлық ережесін қалыптастыру үшін бұл аралықты өткізіп алмау керек. «Бала өмірінің алғашқы 7 жылында жинақталған көзқарас оның тұтас өміріне азық болады. Бірақ, қазіргі ата-аналар балалардың рухани дамуына мүмкіндік бермей, ерте жастан интеллектін дамытуға басымдық беріп жүр. Оларға баласының мектепке барғанша әріптерді білуі, ағылшын тілінде сөйлеуі және жаза білуі маңызды. Өй-өрені куып жүргенде, кішкентай адамның рухани-адамгершілік дамуы көленкеде қалады. Онсыз барлық сатып алғанған білім түккө аспай қалады, баланың эмоционалды-рухани жетілмеу мәселесі туындаиды. Өзін жақсы түсінген адам, өз сезімдерін жүгендей білген адам нағыз табыстылардың қатарынан көрінеді. Мұны Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында ерекше атап көрсетті. Осы мақсатта балабақшада балаларға рухани адамгершілік тәрбие беру, өз елінің салт-дәстүрін сүйіп, құрметпен қарайтын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген өз елінің патриоттың тәрбиелуе мақсатында «Ұлттық қазына» вариативтік компонент бағдарламасы жасалынды, арнайы мұражай кабинеті ұлттық құндылықтарды дәріптейтін бұйымдармен толықтырылып, жабдықталды. Баланы ерте жастан жалпыадамзаттық құндылықтарға үйретудің адамгершілік, өзін-өзі тану, даралық пен патриоттық негізін қалауға көмектеседі.

Күннің екінші жартысында өтілетін вариативтік компонент бағдарламаларының және тәрбиешілердің шығармашылық жобалары бойынша сараптама талдау жүргізілді. Нәтижесінде, вариативтік компонент бағдарламалары уақытылы жүргізілуде, этнопедагог Ж.Абенова тәрбиеленушілерді бағдарлама аясында салт-дәстүрлермен таныстырып, әдет-ғұрыптарымызды үйретуде. Өзге ұлт балаларының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, сұраққа анық жауап бергені көңілге куаныш үялатты.

Қазақстан әлемдік қауымдастыққа екпіндеп басып келеді және өзінің алдына жоғары даму мақсатын қояды. Әлем барынша әртүрлі және көптілді болып келеді, және көптеген балалар бір тілден артық тіл қолданатын ортаға

түседі. Уақыт талабына сай, саясы тар мақсаттағы сапалы білім емес, шет тілдерді үйренуге дәл осындай қырынан қарау керек. Мектепке дейінгі ұйымның бітірушісін тәрбиелеуде ана тілімен тең және басқа шетелдік тілдерде білім үлкен рөл атқарады. Елбасымыз Н. Э. Назарбаев айтқандай: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдан кіргізу тілі».

Қазіргі қоғам мәселелерінің бірі тек қана экономикалық жағдайға бейімделген тұлғаны тәрбиелеу емес, сонымен бірге нақты заманға лайық белсенді жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдени аралық қарым – қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсіу, ағылшын тілін жетік менгертуді талап етеді. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін менгереді еken. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың ағылшын тілінде қарым – қатынас жасай алу негіздерін менгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту сәбілердің коммуникативті даму біліктілігін арттырады, қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орнықкан ағылшын тілін менгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындаі түседі. Біздің бөбекжайда да ағылшын тілі ересек топта алтасына бір сағат, екінші кіші топтан бастап күннің екінші жартысында вариативтік компонент өтіледі. Вариативтік компонентті бақылау нәтижесінде ағылшын тілі бойынша балалар өздерінің аттарын айтумен, сәлемдессүмен ғана шектеліп қалған. Ортаңғы топ балалары түстерді, пішіндерді білмейді, ересек топ балалары бір-екі сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айта алмайды. Тәрбиешілер Ж.Турғунбаева, Т.Турабаева шығармашылық жобалары арқылы ата-аналармен, балалармен жоспар бойынша жұмыстар жүргізген. Әлі де болса толықтыруларды қажет етеді. Барлық педагогтар шығармашылық жоба жазып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтеріп отыру қажет,-деді.

Шешім: вариативтік компонент жұмысы жандандырылсын.

3.Тыңдалды: Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту

Сөйледі: тәрбиеші Т.Турабаева мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік, тұлғалық, эмоциялық дамуы жүзеге аса бастайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағыларды қалыптастыру.Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті әр баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз етуге, балаға өзін толық жетілдіруге және өзінің белсенділігін көрсетуге,балалармен дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жұмысының дамытушы әсерін арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді.Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда пәндік-

дамытушы ортаны құру арқылы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отандық педагогика және психологияның бай тәжірбесі жинақталған, мектепке дейінгі және ерте жастағы балалар үшін дидактикалық құралдар және дамытушы ойыншықтар жүйесін құру.

Пәндік -дамытушы орта-бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлардың жүйесі.

Қоғамның қазіргі сұранысына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы ерте жас бөбекжай топтарға деген сұраныс артып келеді. Бұл сұранысты қамтамасыз ету дәстүрлі әдістер арқылы ғана емес, сондай-ақ заманауи тұжырымдамаларды қолдана отырып жүзеге асырылады. Ерте жастағы балаларды дамытуда пәндік-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Бала толыққанды дамуы үшін балалар әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтында жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында пәндік-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-әрекет түрлерін танымдық және нәтижелі іс-әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындарды іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Ерте жастағы балалардың режимдік процестер мен ұйымдастырылған оку қызметінен бос уақыттарының барлығы дербес іс-әрекетпен толықтырылуы қажет. Осы кезеңдегі дербес іс-әрекет әртүрлі болуы мүмкін. Олар: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, құрылыш ойындары, қимылдар, бақылаулар, кітаптармен суреттер қарастырылған ойындардың тапсырмаларын орындау. Мақсатқа бағытталып ұйымдастырылған пәндік-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады,-дейді.

Сөйлегендер:

А.Жанибекова Дамытушы орта дайындауда ата-аналармен қандай жұмыстар жүргізіп отырсыз?

А.Миралиева : Ата-аналар жиналысында дамытушы ортаның балалардың дамуына пайдасы туралы айттып, тренинг өткіздім. Содан кейін ата-аналардың қызығушылығы оянып, өздері түрлі қалдық материалдардан дидактикалық материалдарды жасап келе бастады. Қазір орталықтарды толықтырып жатырмыз.

А.Карчибаева: Тобыңызда қандай дамытушы орта дайындарған?

Т.Турабаева: «Сюжетті-рольді ойын», шығармашылық бүршіші, табигат бүршіші, «Күңгіршақ театры» бүршіші, дидактикалық ойындар бүршіші дайындалған.

Шешім: барлық топтардадамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

4.Тыңдалды: «Тәлімгер мектебі» жұмысының барысы

Сөйледі: А.Жанибекова «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», - деп Елбасымыз атап көрсеткендегі педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Бүгінгі қоғамға қажет құзіретті педагог - жан-жақты дайындалған, заман талабына сай педагогикалық шеберлікті менгерген ұстаз. Педагогикалық шеберлік-ұстаздық талантпен тығыз байланысты.

К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын менгермейінше бұған оның қолы жетпейтіндігін», – айтады. Педагогикалық шеберліктің негізгі өлшемдері:

мақсатқа лайықтылық, шығармашылық, үйлесімділік. Педагогикалық шеберлік – тек қана педагогтың жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана

емес, ол – әр сөзді балаларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін менгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен таланттың үштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Біздің балабақшада әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша жұмыстар жан-жақты қарастырылған. Педагогтардың шеберліктерін жетілдіру мақсатында «Тәлімгер мектебі» жобасы құрастырылып, 2016 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Жобаның өзектілігі тәрбиешілердің жаңа технологияларды білгенімен іс жүзінде қолдана алмауы, кәсіптік біліктілік деңгейлерін көтеруде жалқаулыққа бой берулері, ғылыми зерттеушілік жұмыстарына араласпауы негізгі себеп болды. Тәрбиешілерді тәлімгерлік ету арқылы үйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауды, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуді, іс-әрекетті зерттеуді, өз ісіне баға бере отырып, әлсіз және мықты жақтарын айқындалап, жаңа форматта мерекелік шараларды үйымдастырып, өткізуге көмектесу болатын.

Сөйлемді: А.Жанибекова Биылғы оқу жылы бір әріптесімнің бойындағы тәжірибеге өзгеріс енгізу мақсатында тәлімгер ретіндегі жұмысымды жүзеге асырамын. Әріптесім А.Миралиева тәлім алушы ретінде таңдаган себебім, менің іс тәжірибелі талқылау семинарыма қатысып, қызығушылық танытып өз қажеттілігіме көмек болады деп өзі «өтініш» білдірді. Дегенмен де, балабақша әкімшілігімен, әдістемелік бірлестігі жетекшісімен бірге өтінішті қайта талқыладық. Өтінішін қабыл алыш, тәлім алушы ретінде жұмыс жасауына келістім. А.Карчибаева еңбек өтілі 3 жыл, жауапкершілігі бар тәрбиеші. Жаңалыққа жаны құмар әлем өзгеруде, педагог өзгеру керек деген мақсатқа түсіністікпен қарап, тәлім алушы болуга қызығушылығы жоғары. Тәлім алушымен жұмыс жасау үшін деректер жинау мақсатында үйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстым. Тәрбиеленушілердің іс-әрекетін, тәрбиешінің шеберлік қырларын, оқыту әдісін, баламен арасындағы іс-әрекетін анақтау мақсатында үйымдастырылған оқу қызметі барысын фотосуретке және бейнежазбаға түсіріп алдым. Үйымдастырылған оқу қызметтерін үйымдастырып, үй тапсырмасын сұраудан бастады. Балалар сұраққа жауап берді. Үйымдастырылған оқу қызметінде балалардың тәрбиешіні тыныш отырып тыңдалап, артық қозғалыс жасамай отырғанын байқадым. Үйымдастырылған оқу қызметі кезіндегі әр тапсырма негізінде жауап берген балаларды мадақтапп отырды. Үйымдастырылған оқу қызметінен кейін тәлім алушымен бірге бейнежазба материалына қарап үйымдастырылған оқу қызметін талқыладық. Талқылау барысында "тәлімгерлік түзету қағидатына емес даму қағидатына негізделген" (Oxley, 2003) дегенді басты ұстанымым етіп алдым. Үйымдастырылған оқу қызметін көрсеткеніне раҳмет айта отырып "үйымдастырылған оқу қызметі мақсатына жетті ме?" деп сұрадым. "үйымдастырылған оқу қызметі мақсатына

жетті" - себебі тақырып ашылды, бала толық менгерді. Бірақ, әлі де орындалар іс-әрекеттер бар еді уақыт аздау болып үлгере алмадым, балалар кейбірі жайсыздау

іс-әрекеттер жасады, жауап берер кезде тұрып қалу, бейне таспаға қарап отыру дегендей. Бұл төнірегінде балаларға тағы да түсініктеме беру керек еken деп шештім. Эрине, бұл кіші жастағы балаларға тән жәй екені белгілі. Мен де кейбір балалардың толықтай қатыспай отырғанын байқағам, өз ойымен отырған балалар болды, түсірілім әсері болар. Мүмкін олда себеп болған шығар, дегенмен балалар үйымдастырылған оку қызметіне толықтай қатыспады. Өзге де себеп бар ма?- деп

сұрадым. Сонымен бірге, бұл үйымдастырылған оку қызметінде балалардың белсенділігі төмен болды. Себебі топтағы бала санының көптігінен бе?-деп ойладым. Осы тұста тәлім алушыма өз ұсынысымды білдіре отырып, білім беру саласындағы өзгерістер мен кәсіби құзіреттілігі терең педагог даярлау екендігін түсіндірдім. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілі бойынша келесі үйымдастырылған оку қызметтері үрдісін топтық жұмыс негізінде үйымдастыру қажеттігін ұсындым. Онда әр үйымдастырылған оку қызметін түрлендіру арқылы балаға еркіндік беру, топпен жұмыс бұл бірлескен оку, ал бірлескен оқудың мәні – ынтымақтастық оку. Үнтымақтасқан оқудың ақпаратты игеретін, өздері игерген мәліметті байланыстыратын белсенді үдеріс екенін, бұл оку тәсілінде сабактың 90%-н бала өзі алғы шығуы керектігін айтЫМ түсіндірдім. Бала өз ойын ашық айтады, бірін бірі оқытады, үйретеді, сөйлейді, бағалайды. Тәрбиеші тек бағыт, бағдар беру арқылы тапсырманың орындалуын қадағалайды, сынни көзқарас балада қалыптасады. Топтағы ерекше дарынды, талантты балалаларды байқап, оларды көшбасшылыққа тәрбиелей аламыз, деп түсіндірдім. Әнгімелей кезінде әріптесімнің топтық жұмысты үнемі болмаса да қолданып жүргенін байқадым, өзгеріске дайын екенін көріп риза болып қалдым. Мен оған өзімнің тізбектелген үйымдастырылған оку қызметтері топтамасын көрсетіп, менің үйымдастырылған оку қызметтеріне қатысып, бақылауын ұсыныс білдірдім. Менің төрт үйымдастырылған оку қызметтеріне қатысып болған соң кері байланыс ретінде: үйымдастырылған оку қызметтері барысы ұнады ма? Не өзгешелік бар? Сіздің ойыңызша үйымдастырылған оку қызметтері мақсатына қалай жетті?-деген сұрақтар қойдым. Сол кезде: Сіздің үйымдастырылған оку қызметін үйымдастыру барысыңыз мүлде өзгеше екен, балалар тақырыпты өздері ашып, өздері талдап, өздері түсіндіреді, өз ойларын еркін жеткізіп, үйымдастырылған оку қызметі мақсатына өздері жетті. Менде осы әдіс-тәсілді өз үйымдастырылған оку қызметіне пайдалана алсам деді. Осы ойын іске асыру мақсатында біз орта мерзімді және қысқа мерзімді үйымдастырылған оку қызметтерінің жоспарын бірлесе жасадық. Жоспарлау барысында балаларды үйымдастырылған оку қызметтеріне қызықтырып, ынталандыру жолдарын қарастыра отырып, үйымдастырылған оку қызметтерінде постермен жұмыс жасау, талдау, қорғау, өзара топпен бағалау, қол соғу, жарайсың деген әдіс – тәсілдерін ұсындым. Т.Турабаева бірге өткізген тәлімгерлік тәжірибемде бірігіп үйымдастырылған оку қызметтерін жоспарлау, талдау, ұсыныс, сұхбаттасу кезінде арамызда шынайы достық, сыйластық қарым-қатынас орнады. Мен оған өз тәжірибеммен бөлісе отырып қолдау көрсерттім. Тәлім алушым топпен жұмыс жасау, қалыптастыруышы бағалау стратегияларын үйымдастырылған оку қызметтерінде

пайдаланудың тиімді жақтарын тез үйренді. Тәлім алушының мені қуантқаны менің ұсынған әдіс-тәсілдеріндегі еш қындықсыз әрі қарай алып кеткені, топ балалары да бұрыннан қалыптасып қалған тәрізді, бірден орындаған кеткені, топтық жұмысқа тез бейімделуі жақсы нәтижені көрсетті. Тәжірибе кезінде қындық туғызған сәттер: балабақшаның АҚТ құралдарымен толық жабдықталмауы үлкен кедергі келтірді. Топты ұйымдастыру, топқа бөлу кезеңінде қындық болды. Тәлім алушы өзінің жазған кері байланысында дәстүрлі сабағымен салыстырып, көптеген әдіс-тәсілдерді іс-әрекетте қолданғанына риза болды. Тәлім алушымның рефлексиясы: Не ұнады, не ұнамады? деген сұраққа Орта мерзімді жоспардың тиімділігіне көзім жетті. ҰОҚ жоспарын құрғанда жаңа әдіс тәсілдің қын жері көп даярлықты қажет етеді екен. Біз бұрын тек оқулықпен шектелсек қазір қосымша интернеттен материалдар қарауға тұра келеді, ізденушілік керек екен,- деді. Менің ұсыныстарым: Маған тәлімгерлікті алдағы уақытта да жалғастыруыңызды сұраймын. Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыстар тілеймін. Тәлімгерлік ету барысында өзімнің біліміммен, іс-тәжірибеммен бөлісіп, тәлім алушының еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздеуіне қолдау көрсетемін,-деді.

Шешім:

5. Тыңдалды: Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру

Сөйлемді: А.Жанибекова жас мамандардың жұмыстарына тоқталып өтті. Жас мамандар өте алғыр, берілген тапсырманы дер кезінде орындаиды. Бірақ, олар өзара оку қызметтеріне көбірек кіру керек. Жаңа технологияларды тиімді пайдалана білу керек. Тәлімгерлер кеңес беріп, тығыз жұмыс жасау керек.

Шешім: Жас мамандардың шығармашылықпен іздену жұмыстары жандандырылсын.

6. Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру .

Сөйлемді: А.Миралиева балаларға экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнекомплекттер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалашу; музика тындау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтеддер. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке

дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр-деді.

Шешім: тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие беру жұмыстары жандандырылсын.

7.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйлемді: А.Жанибекова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұңғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме үйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценариін музика жетекшісідайынdap, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналышын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:


А.Жанибекова


А.Карчибаева